



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2019 жылғы 18 ақпан

Депозиттік аукционды бастау туралы

Ұлттық Банк 2019 жылғы 18 ақпаннан бастап 7 күндік қайтару мерзімі бар депозиттік аукциондарды өткізе бастайды және Ұлттық Банктің 7 күндік қысқа мерзімді ноттарының аукционын өткізуді тоқтатады. Депозиттік аукционды бастаумен тұрақты қолжетімділік операцияларының шеңберінде 7 күндік депозиттерді тарту да тоқтатылады.

Депозиттік аукцион өтімділікті алу үшін ақша-кредит саясатының ашық нарығы операцияларының негізгі құралы болып табылады.

Бұл өзгерістер Ұлттық Банктің ақша-кредит саясатының трансмиссиялық тетігінің пайыздық арнасының тиімділігін арттыруға бағытталған.

Депозиттік аукциондар ақша-кредит саясатын іске асыру шеңберінде Ұлттық Банктің аукциондарды өткізу қағидаларына сәйкес өткізілетін болады (<https://nationalbank.kz/?docid=583&switch=kazakh>).

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz